

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		044-41/ 42 беттің 1 беті
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР

Пәні:	Фармакология-1
Пән коды:	Farm 2202
БББ атауы және шифры:	6B10106– Фармация
Оқу сағаты/ кредит көлемі:	180/6
Оқу курсы мен семестрі:	2/3
Тәжірибелік сабақтар:	45

Шымкент, 2024ж.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 2 беті	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология-1» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 11 « 10 » 06 2024ж.

Кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор м.а.

 Тоқсанбаева Ж.С.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 3 беті	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

Практикалық сабақ №1

Тақырыбы: Рецепттураға кіріспе. Жалпы рецепттура. Қатты, жұмсақ және сұйық дәрілік түрлер.
Мақсаты: Рецепт және рецепт жазбасын құрастырудың негізгі қағидаларымен таныстыру; дәрілік құралдардың ағзаға тигізетін фармакологиялық әсері негізделген жалпы заңдылықтарды студенттерге үйрету.

Оқу міндеттері:

- рецептерді толтырудың және рецептуралық жазбаларды құрудың жалпы ұстанымдарын және әр түрлі дәрілік түрлерге рецепт жазуды үйрету;
- дәрілік заттардың концентрациясы мен дозаларын есептеуді үйрету.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Сұрақтарға жауап беру:

1. Дәрілік зат, дәрілік түрлер, препараттар туралы түсінік.
2. Рецепт, оның құрылымы, рецептуралық бланкілердің түрлері.
3. Рецептердің жазылу ережелері.
4. Рецепттурада берілетін қысқартулар
5. Улы, күшті әсерлі, наркотикалық дәрілердің жіберу нормалары.
6. Қатты дәрілік түрлер туралы түсінік, жіктелуі.
7. Жұмсақ дәрілік түрлер туралы түсінік, жіктелуі.
8. Сұйық дәрілік түрлер туралы түсінік, жіктелуі.
9. Шаншуға арналған дәрілік түрлер. Қойылатын талаптар.
10. Жазылым түрлері: ампулада, құтыларда. Бір реттік дозаны есептеу.
11. Әртүрлі дәрілік түрлер. Көз пленкалары, аэрозольдер. Жазылым түрлері.

Қатты дәрілік түрлер

Рецепт түрінде жазу және улы заттардың дозасын тексеру:

1. Оймақгүл жапырақтарының ұнтақтары 0,2 12 дозада бер. 1 ұнтақтан күніне 3 рет.
2. Атропин сульфатының 0,0015 папаверин гидрохлоридінен фенобарбиталдан тепе-тең 0,2. Ұнтақ болғанға дейін араластыр. 10 дозада бер. 1 ұнтақтан күніне 3 рет.
3. 0,03 этилморфин гидрохлоридінің және 0,05 димедролдың 10 ұнтағын жазыңыз. Ішке қабылдау үшін, 1 ұнтақтан күніне 4 рет.
4. 0,01 эриниттің 50таблеткасы. Ішке 1 таблеткадан күніне 2 рет.
5. 0,001 дексаметазонның 50 таблеткасы. Ішке 1 таблеткадан күніне 3 рет.
6. 0,05 диазолиннің 20 дражесі. Ішке 1 дражеден тамақтан соң күніне 2 рет.
7. 0,15 рифампициннің 40 ұнтағы желатинді капсулаларда. Ішке 2 капсуладан тамақ алдында күніне 2 рет.

Сұйық дәрілік түрлер:

Рецепт түрінде жазу:

1. 10% бриллиант жасылының 10 мл спиртті ерітіндісін. Терінің зақымдалған жеріне жағу үшін.
2. 1: 5000 500 мл фурациллин ерітіндісін. Жарақатты жуу үшін.
3. 3% 150 мл натрий бромидінің ерітіндісін. Ішке 1 ас қасықтан тәулігіне 3 рет.
4. Майсана майының (Oleum Ricini) 30 мл-нен тұратын 200 мл эмульсия. Ішке үш қабылдауға.
5. 0,5% гидрокортизон ацетатының 10 мл суспензиясы. Көз тамшылары 1-2 тамшыдан әр 4 сағат сайын.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 4 беті
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»	

6. 6,0 жалынғұл шөбінен тұратын 180 мл тұнба. Ішке 1 ас қасықтан күніне 3 рет.
7. Итжидек тұндырмасы 10 мл. Ішке 10 тамшыдан күніне 2 рет.
8. Жалбыз тікен (Althaea) 20 мл сұйық экстрактысы. Ішке 20 тамшыдан күніне 2 рет.
9. Адонизид 15 мл. Ішке 15 тамшыдан күніне 2-3 рет.
10. 0,45 ақ мия шөбінен (Thermopsisidis) 180 мл тұнбадан және 0,2 кодеин фосфатынан тұратын микстура. Ішке 1 ас қасықтан күніне 3 рет.
11. 20% 2 мл камфора ерітіндісінің 10 ампуласы. Тері астына енгізу үшін 2 мл –ден тәулігіне 2 рет. Енгізер алдында ампуланы жылыту.
12. Әр құтыдағы 250 000 ЭБ бензилпенициллин натрий тұзының 40 құтысы. Тәулігіне 6 рет бұлшық етке енгізу үшін, алдын-ала құтының құрамын 3 мл 0,5% новокаин ерітіндісінде еріту керек.
13. 0,9% натрий хлоридының стерильды 500 мл ерітіндісі. Тері астына енгізу үшін.

Жұмсақ дәрілік түрлер:

1. Құрамында 5% левомецетині бар бар 50,0 пастаны ашық түрде жазыңыз. Дәкеге жағып, зақымдалған жер үшін.
2. Эритромициннің официналды жағар майы 10,0. Көз жағар майы.
3. Құрамында 20% натрий сульфацилі бар 1:9 қатынасындағы ланолин және вазелиндегі 10,0 жағар май. Көз жағар май.
4. 0,5 левомецетині бар 20 тік ішекті суппозиторийді ашық түрде жазыңыз. 1 суппозиторийден күніне 1 рет қолдану.
5. «Анузолдың 10 официналды суппозиторийін жазыңыз. 1 суппозиторийден күніне 2 рет.
6. 50,0 жай қорғасын пластырын жазыңыз. Жеңіл түрде жылытып, дәкеге жағып, терінің зақымдалған жеріне жағу үшін.

Оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: шағын топтарда жұмыс

Бақылау түрлері: ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу

Әдебиеттер: 1-қосымша

Бақылау:

1. Дәрілік зат, дәрілік түрлер. Препараттар туралы түсінік.
2. Рецепт, оның құрылымы, рецептуралық бланкілердің түрлері.
3. Рецепттердің жазылу ережелері.

Есепті шығару:

1. 1:5000 қатынасында фурациллин ерітіндісі дайындалды. Процент бойынша концентрациясын есептеңіз.
2. Ішке қабылдау үшін 180 мл 2% натрий бромидінің ерітіндісі жазылды. Бұл ерітіндіні дайындау үшін қанша натрий бромиді және су алу керек.

Қатты дәрілік түрлер

Вариант – 1

1. 0,05 кофеині бар ұнтақтан 10- ның бер. Белгіле: 1 ұнтақтан күніне 3 рет.
2. 0,25 левомецетиннің (ащы дәрі) 10 капсуласын жаз. Белгіле: 1 ұнтақтан 3 рет, капсуладан күніне.
3. 50,0 стрептоцид ұнтағы. Ауырған жерге себесіз.
4. 0,25 аспирин және 0,5 анальгин таблеткаларының 10-ын жаз. Белгіле: бас ауырғанда 1 таблеткадан.

Вариант – 2

1. 0,01 эринит таблеткасынан 10-ын жаз. Белгіле: күніне 1 таб 2 рет.
2. 1 г ұнтақталған рауғаш тамырынан 20-ын жаз. Белгіле: түнге қарай 1 ұнтақ.
3. 0,015 викасолдың 20 таблеткасы. 1 таблетка күніне 2 рет белгілеу.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 5 беті	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

4. Құрамында 20,0 мырыш тотығы, 20,0 тальк крахмал бар ұнтақ. Сеппе түрінде белгілеу.
5. 0,2 балауыздаған қағаздағы ұнтақталынған камфораның 10 ұнтағы. 1 ұнтақтан күніне 2 рет белгілеу.

Тақырыбы: Сұйық дәрілік түрлер

Вариант – 1

1. Құрамында 200 мл 3% натрий бромиді және 10 мл шүйгіншөп тұндырмасы бар микстура. Ішке 1 ас қасықтан күніне 3 рет.
2. Құрамында 6,0 жалынгүл шөбінің тұнбасынан 100мл және 4,0 калий бромидтен тұратын микстура. 1 ас қасықтан күніне 3 рет.
3. 40 мл 10% камфораның спиртті ерітіндісін жазып, теріні тазалауға тағайындаңыз.
4. 20 мл 0,125% эргокальциферолдың майлы ерітіндісін жазып беріңіз. Балаға күніне 2 тамшыдан ішуге тағайындаңыз.

Вариант – 2

1. Құрамында 6 мл сұйытылған тұз қышқылы және 4,0 пепсині бар 200 мл микстураны жаз. 1 ас қасықтан күніне 3 рет.
2. 500мл официналды аммиак ерітіндісін жазып беріңіз. Хирургиялық бөлімшеге.
3. 10 мл 0,1% нафтизин ерітіндісін жазып беріңіз Мұрынға 3 тамшыдан күніне 3 рет тамызуды белгілеңіз.
4. 10 мл 1% ментолдың майлы ерітіндісін мұрынға 3 тамшыдан күніне 2 рет тамызуға жазып беріңіз.

Жұмсақ дәрілік түрлер

Вариант – 1

1. Құрамында 5% цинк тотығы (Zinci oxudum) бар 20 г паста. Терінің зақымдалған аймағына таңертең және кешке.
2. 40 г 10% ихтиол жағылмасы (Unguentum Ichthyoli). Терінің зақымдалған аймағына түнге қарай.
3. Құрамында 0,25 левомецетині бар (Laevomycetinum) 10 суппозиторияға жазу. Түнге қарай 1 суппозиториядан.
4. Құрамында 5 гр анестезині (Anaesthesinum) бар 10 г тальк (Talcum) және крахмал (Amylum), жалпы көлемі 50 г пастаға. Терінің зақымдалған аймағына таңертең және кешке.

Вариант – 2

1. 0,05 индометациннен тұратын 10 официналды суппозиторияді жазып беріңіз. 1 суппозиториядан күніне 2 рет тік ішекке енгізуге.
2. Официналды 10 «Цефекон» суппозиторияларын жазыңыз. 1 суппозиториядан күніне 2 рет тік ішекке енгізу.
3. Мөлшері 0,005 омнопоннан тұратын 10 ректалды суппозиторияді жазыңыз. 1 суппозиториядан күніне 2 рет тік ішекке.
4. Құрамында 0,04 г трихомонациді бар 10 вагиналды суппозиторияді жазыңыз. 1 суппозиториядан қынапқа күніне 2 рет енгізуге.

Бағалау парағы

№	Бағалау критеріі	Деңгей			
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қағаттанарлықсыз
1	Фармакологияға ғылыми пән ретінде сипаттама береді.	10	7,5	5	0

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 6 беті
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»	

	Фармакологияның негізгі бөлімдерін атайды				
2	Терминдерге анықтама береді: дәрілік зат, дәрілік зат, дәрілік нысан, дәрілік препарат, дәрілік шикізат	10	7,5	5	0
3	Дәрілік заттарды мемлекеттік тізілімде тіркеу мақсатын түсіндіреді	10	7,5	5	0
4	Терминдерге анықтама береді: халықаралық патенттелмеген атау (INN), сауда атауы, патенттелген сауда атауы, дәрілік-генерик.	10	7,5	5	0
5	Дәрілік заттар атауларының пайда болу принциптерін түсіндіреді	10	7,5	5	0
6	Рецепт дегеніміз не? Рецептті құрайтын бөліктерді атайды.	10	7,5	5	0
7	Дәрілік түрлерге анықтама береді: "ұнтақ", "түйіршіктер", "драже", "таблеткалар", "капсулалар".	10	7,5	5	0
8	"Линимент", "Гель", "Мазь", "паста", "суппозиторийлер", "Бұласыр" дәрілік түріне анықтама береді»	10	7,5	5	0
9	Сұйық дәрілік түрлерді тізімдейді және оларға анықтама береді	10	7,5	5	0
10	Дәрілік заттарды жазып беру ережесін регламенттейтін нормативтік құжаттарды біледі	10	7,5	5	0

Практикалық сабақ №2

Тақырыбы: Жалпы фармакология. Дәрілердің фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы. Фармакокинетиканың негізгі параметрлері.

Мақсаты: келешек фармацевт мамандарына, медицина қызметкерлері мен жергілікті тұрғындарға ақпараттық – кеңестік қызметтер көрсету дағдылары мен білктілігін қалыптастыру мақсатында, дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы білім беру.

Оқу міндеттері:

- дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы және фармакологиялық әсер тудыратын мүшелер мен жүйелердің функцияларының өзгерістері туралы білім беру;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 7 беті	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

- дәрілік заттар мен биомолекулалар арасындағы біріншілік фармакологиялық реакцияны сараптауды үйрету;
- дәрілердің жалпы қасиеттері негізінде оларды қолдану мүмкіндігін үйрету;

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Фармакологияның анықтамасы және міндеттері.
2. Дәрілік құралдардың фармакокинетикасы. Дәрілерді ағзаға енгізудің жолдары.
3. Дәрілердің сіңірілуі: механизмі, сіңірілуге әсер ететін факторлары.
4. Заттардың ағзада таралуы. Биологиялық кедергілер.
5. Биосіңімділік және биоэквиваленттілік.
6. Дәрілік құралдардың фармакодинамикасы.
7. Дозаның түрлері: босағалық, орташа, жоғары терапевтикалық, бір реттік, соққы, тәуліктік курстық, уытты, өлім дозасы. Орташа терапевтикалық доза, терапевтикалық индекс, терапевтикалық әсердің кеңдігі.
8. Кумуляция, сенсбилизация, үйренгіштік, тахифилаксия, дәрілік тәуелділік.
9. Дәрілік құралдардың өзара әсерлесуі. Синергизм, потенцирлену, аддитивтілік. Антагонизм, антидотизм.
10. Дәрілік заттардың ағзаның қасиетімен, жасынан, жынысынан, генетикалық факторлардан тәуелділігі.
11. Дәрілердің фармакологиялық әсеріне биоритмдердің тигізетін ықпалы. Хронофармакология, анықтамасы.
12. Дәрілердің жағымсыз әсерлері: аллергиялық емес жанама әсерлер; препараттың дозасының артып кетуімен байланысты уытты әсерлер; аллергиялық типтегі әсерлер; ағзаның сезімталдылығының төмендеуімен пайда болатын әсерлер; таңдамалы және уытты әсерлердің пайда болуы (эмбриотоксикалық; теротогендік; фетотоксикалық; мутагендік; канцерогендік әсерлер); генетикалық факторлар (идиосинкразия және т.б.)

Оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: шағын топтарда жұмыс; of-line режимінде тақырып бойынша "Тапсырма"модулінде берілген тапсырманы орындауды бағалау және on-line режимінде жеке немесе "Тапсырма"модуліндегі чатта немесе т.б. (Zoom, Webex) сұрақтарды талқылау.

Бақылау түрлері: ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу; қашықтықтан оқыту жағдайында, онлайн режимінде ауызша сұрақ, «Тапсырма» модулінде берілген тапсырманың орындалуын бағалау (бағалау парағы)

Әдебиеттер: 1-қосымша:

Бақылау:

1. Фармакологияның анықтамасы және міндеттері.
2. Дәрілік құралдардың фармакокинетикасы. Дәрілерді ағзаға енгізудің жолдары.
3. Дәрілердің сіңірілуі: механизмі, сіңірілуге әсер ететін факторлары.
4. Заттардың ағзада таралуы. Биологиялық кедергілер.
5. Биосіңімділік және биоэквиваленттілік.
6. Дәрілік құралдардың фармакодинамикасы. Дозаның түрлері

-Бағалау парағы

№	Бағалау критериилері	Деңгейі			
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 бетің 8 беті
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»	

1	Фармакологияның анықтамасы және міндеттерін біледі. Дәрілердің фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы туралы түсінікті меңгерген.	10	7,5	5	0
2	Дәрілік құралдардың фармакокинетикасы: дәрілерді ағзаға енгізудің жолдарын біледі.	10	7,5	5	0
3	Дәрілердің сіңірілуі: механизмі, сіңірілуге әсер ететін факторлары, биосіңімділікке, биоэквиваленттілікке анықтама бере алады.	10	7,5	5	0
4	Дәрілік заттардың ағзада таралуын, гистогематикалық кедергілер туралы түсінікті біледі.	10	7,5	5	0
5	Фармакодинамика сұрақтарын түсінеді және фармакодинамикалық параметрлерге анықтама бере алады.	10	7,5	5	0
6	Доза және оның түрлерін айта алады.	10	7,5	5	0
7	Дәрілік құралдарды қайталап қабылдағанда пайда болатын әсерлерді айта алады және сипаттама бере алады.	10	7,5	5	0
8	Дәрілердің әсерінің биоритмдерге тәуелділігін түсіндіре алады. Хронофармакология түсінігін меңгерген.	10	7,5	5	0
9	Дәрілердің әсерінің ағзаның жағдайына (жасы, жынысы, жеке ерекшеліктері және т.б.) байланысты екендігін түсіндіре алады..	10	7,5	5	0
10	Дәрілердің жанама әсерлерінің түрлерін біледі, түсіндіре алады.	10	7,5	5	0

Практикалық сабақ №2

Тақырыбы: Аfferентті иннервацияға әсер ететін дәрілер

Мақсаты: Келешек фармацевт мамандарына, медицина қызметкерлері мен жергілікті тұрғындарға ақпараттық- кеңестік қызметтер көрсету дағдылары мен біліктілігін қалыптастыру мақсатында, аfferентті иннервацияға әсер ететін дәрілердің фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы білім беру.

Оқу міндеттері:

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 бетің 9 беті	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

- дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы және фармакологиялық әсер тудыратын мүшелер мен жүйелердің функцияларының өзгерістері туралы білім беру;
- дәрілік заттар мен биомолекулалар арасындағы біріншілік фармакологиялық реакцияны сараптауды үйрету;
- дәрілердің жалпы қасиеттері негізінде оларды қолдану мүмкіндігін үйрету;
- рецептерді толтырудың және рецептуралық жазбаларды құрудың жалпы ұстанымдарын және әр түрлі дәрілік түрлерге рецепт жазуды үйрету; дәрілік заттардың концентрациясы мен дозаларын есептеуді үйрету.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Сұрақтарға жауап беру:

1. Сезімталдық, оның түрлері
2. Аfferentті иннервацияға әсер ететін дәрілердің жіктелуі.
3. Анестезия, оның түрлері. Анестетиктерге қойылатын негізгі талаптар.
4. Анестезирлеуші дәрілердің фармакологиялық қасиеттерінің салыстырмалы бағасы, олардың анестезирлеуші активтілігі, ОЖЖ – не әсері, шырышты қабық арқылы өту қабілеті, улылығы.
5. Анестезияның әртүрлі түріне анестезирлеуші дәрілердің қолдануы (дозалар, концентрациялар).
6. Анестезирлеуші дәрілермен жедел улану және оған көрсетілетін алғашқы көмек.
7. Органикалық және бейорганикалық бырыстырғыш дәрілердің негіздері. Бүркеуші, сіңіруші, тітіркендіруші дәрілердің әсер ету механизмі және қолдану көрсеткіштері.
8. Ащылар. Қолдану спектрі.
9. Іш жүргізетін және қақырық түсіретін дәрілердің қолдану көрсеткіштері.

Бағдарлама бойынша игерілетін препараттар: Прокаин, лидокаин, артикаин, бупивакаин, ропивакаин, висмуттың негіздік нитраты, танин, емен қабығының қайнатпасы, шайқурайдың шөбі, селбен жапырақтары, түймедақ гүлдері, қара жемістің жемістері, алюминий-калий ашудасы, крахмал шырышы, алюминий гидрототығы, магний трисиликаты, белсендендірілген көмір, тальк, ақсаз балшық, камфоралы спирт, аммиак ерітіндісі, қыша, тазартылған терпентин майы.

Дозасын білуге қажетті препараттар: лидокаин, прокаин, артикаин, бупивакаин, ропивакаин, белсендендірілген көмір

Рецепт түрінде жазу:

1. Инльтрациялық анестезияға арналған дәрі.
2. Жұлын ми анестезиясында қолданылатын дәрі.
3. Анестезияның барлық түрінде қолданатын дәрі.
4. Күйіктерде, жараларда қолданатын бырыстырғыш дәрі.
5. Терминалды анестезияда қолданылатын дәрі.
6. Жүрек тамырларды рефлекторлы кеңейтетін, жергілікті қолданғанда шырышты қабықтардың тамырларын тарылтатын тітіркендіргіш дәрі.

Оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: шағын топтарда жұмыс

Бақылау түрлері: ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу

Әдебиеттер: 1-қосымша

Бақылау:

1. Аfferentті иннервацияға әсер ететін дәрілердің жіктелуі.
2. Анестетиктерге қойылатын негізгі талаптар.
3. Анестезирлеуші дәрілердің фармакологиялық қасиеттерінің салыстырмалы бағасы, олардың анестезирлеуші активтілігі, ОЖЖ – не әсері, шырышты қабық арқылы өту қабілеті, улылығы.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»	044-41/ 42 беттің 10 беті

Бағалау парағы

№	Бағалау критеріі	Деңгей			
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
1	Сезімтал жүйке талшықтарын тежейтін және/немесе аффереттік нервтер бойынша қозу туралы түсінік береді.	10	7,5	5	0
2	Жергілікті жансыздандыру түрлерінде қолданылатын дәрілік заттар туралы түсінік береді.	10	7,5	5	0
3	Жергілікті анестетиктердің әсер ету механизмін біледі. Қазіргі заманғы анестетиктерге салыстырмалы баға береді және оларды әртүрлі анестезияда қолдану.	10	7,5	5	0
4	Жергілікті анестетиктердің қолдану ерекшеліктерін, жанама және уытты әсерін біледі.	10	7,5	5	0
5	Тұтқыр құралдар туралы түсінік береді. Тұтқыр құралдарды жіктейді.	10	7,5	5	0
6	Тұтқыр заттардың негізгі әсерлерін, механизмін және жанама әсерлерін біледі	10	7,5	5	0
7	Қаптағыш құралдарына сипаттама береді	10	7,5	5	0
8	Дәрілердің көрсеткіштерін, механизмін және жанама әсерлерін, негізгі әсерлерін біледі	10	7,5	5	0
9	Адсорбциялаушы құралдарға сипаттама береді. Адсорбциялаушы дәрілердің көрсеткіштерін, механизмін және жанама әсерлерін, негізгі әсерлерін біледі	10	7,5	5	0

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		044-41/ 42 беттің 11 беті
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

10	Әрекет түрі ынталандыратын құралдарға сипаттама береді. Тітіркендіргіш дәрілердің емдік әсері негізінде жатқан әсерлерді біледі.	10	7,5	5	0
----	--	----	-----	---	---

Практикалық сабақ №3

Тақырыбы: Эфферентті иннервацияға әсер ететін дәрілер. Холиномиметикалық дәрілер. М-холиноблокаторлар.

Мақсаты: келешек фармацевт мамандарына, медицина қызметкерлері мен жергілікті тұрғындарға ақпараттық – кеңестік қызметтер көрсету дағдылары мен біліктілігін қалыптастыру мақсатында, дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы білім беру.

Оқу міндеттері:

- дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы және фармакологиялық әсер тудыратын мүшелер мен жүйелердің функцияларының өзгерістері туралы білім беру;
- дәрілік заттар мен биомолекулалар арасындағы біріншілік фармакологиялық реакцияны сараптауды үйрету;
- дәрілердің жалпы қасиеттері негізінде оларды қолдану мүмкіндігін үйрету;
- рецептерді толтырудың және рецептуралық жазбаларды құрудың жалпы ұстанымдарын және әр түрлі дәрілік түрлерге рецепт жазуды үйрету; дәрілік заттардың концентрациясы мен дозаларын есептеуді үйрету.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. М-Н-холиномиметиктер: карбохолин, ацетилхолин.
2. Антихолинэстеразды дәрілер.
3. М-холиномиметиктер. Мускариннің уытты әсері уланудың емі.
4. М-холиноблокаторлар. Фармакологиялық эффектілері.
5. Н –холиномиметиктер.
6. М-холиноблокаторлар. Ганглиблокаторлар.
7. Миорелаксанттар. Жіктелуі, әсер ету механизмі.

Бағдарлама бойынша препараттар. ацетилхолин, неостигмина бромид, галантамин, физостигмина салицилат, армин, такрин, дипироксим, аллоксим, изонитрозин, тригексифенидил, атропина сульфат, платифиллин, ипратропия бромид, тиотропия бромид, пирензепин, тропикамид, комбинированные препараты (ипратропия бромид и фенотерол и др.), цититон, лобелина гидрохлорид, бензогексоний, азаметония бромид, гигроний, тубокурарина хлорид, пипекурония бромид, атракурия безилат, рокурония бромид, суксаметония хлорид.

Дозасын білу қажет препараттар:

Ацетилхолин, пилокарпин гидрохлориді, атропин сульфаты, цититон, бензогексоний.

Рецепт түрінде жазу.

1. Глаукоманы емдеуге арналған М – холиномиметик.
2. Шылым шегуді азайтатын дәрі.
3. Ішек атониясында қолданатын М-холиномиметик.
4. Бронх демікпесінде қолданылатын таңдамалы әсерлі м-холиноблокатор

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 12 беті	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

5. Таңдамалы әсер ететін асқазанның секреторлы қызметінің күшеюімен жүретін ауруларда қолдануға арналған м-холиноблокатор.
6. Офтальмологияда диагностикалық мақсатта қолдануға арналған препарат.
7. Полимиелит, миастения және миастениялық синдромда қолданылатын антихолинэстеразды препарат.
8. Орталық м-холиноблокатор.

Оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: шағын топтарда жұмыс

Бақылау түрлері: ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу

Әдебиеттер: 1- қосымша:

Бақылау:

1. М-холиномиметиктер. Мускариннің уытты әсері уланудың емі.
2. Фосфорорганикалық қосылыстармен уланғанда қолданылатын препараттар.
3. Атропиннің фармакологиялық қасиеттері.

Бағалау парағы

№	Бағалау критерийлері	Денгейі			
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
1	Жіктеу номенклатурасы холинергия-лық дәрілік құралдарға бағытталған.	10	7,5	5	0
2	Холинорецепторлардың ағзада орналасуы, М-, Н- холиномиметиктердің сипаттамасын, қолданылуын және жанама әсерлерін түсіндіреді.	10	7,5	5	0
3	М-холиномиметиктермен жедел улануларында қолданылатын дәрілерді атай алады.	10	7,5	5	0
4	Антихолинэстеразды дәрілердің жіктелуі мен фармакологиялық сипаттамасын біледі.	10	7,5	5	0
5	Антихолинэстеразды дәрілермен және ФОҚ жедел улануда қолданылатын дәрілерді атай алады, дозасын, енгізу жолын біледі.	10	7,5	5	0
6	М-холиноблокаторлардың жіктелуі мен фармакологиялық әсерлерін, жанама әсерлерін біледі және айта алады.	10	7,5	5	0
7	Таңдамалы және таңдамаөы емес м-холиноблокаторлардың әсерлері мен колддану көрсеткіштерін біледі..	10	7,5	5	0
8	Атропин тәріздес заттармен улану белгілерін ажыратып айта	10	7,5	5	0

	алады, улануда қолданылатын препараттарды айта алады.				
9	Н–холиномиметиктердің жіктелуін, фармакологиялық қасиеттерін біледі. Темекі шегудің ағзаға зиянды әсерлерін түсіндіре алады. Никотин-мен жедел және созылмалы улануда көрсетілетін көмек шараларын біледі.	10	7,5	5	0
10	Ганглиоблокаторлар мен миорелак-санттардың медицинада қолданылуын айта алады.	10	7,5	5	0

Практикалық сабақ №4

Тақырыбы: Адренергиялық дәрілер. Адреномиметикалық дәрілер. Адреноблокаторлар.

Мақсаты: келешек фармацевт мамандарына, медицина қызметкерлері мен жергілікті тұрғындарға ақпараттық – кеңестік қызметтер көрсету дағдылары мен білктілігін қалыптастыру мақсатында, дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы білім беру.

Оқу міндеттері:

- дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы және фармакологиялық әсер тудыратын мүшелер мен жүйелердің функцияларының өзгерістері туралы білім беру;
- дәрілік заттар мен биомолекулалар арасындағы біріншілік фармакологиялық реакцияны сараптауды үйрету;
- дәрілердің жалпы қасиеттері негізінде оларды қолдану мүмкіндігін үйрету;
- рецептерді толтырудың және рецептуралық жазбаларды құрудың жалпы ұстанымдарын және әр түрлі дәрілік түрлерге рецепт жазуды үйрету;
- дәрілік заттардың концентрациясы мен дозаларын есептеуді үйрету.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Адренергиялық синапстардың құрылысы.
2. Адреномиметикалық дәрілер. Фармакологиялық эффектілері. Қолданылуы.
3. Адреноблокаторлық дәрілер.
4. Бета-адреномиметиктер. Фармакологиялық қасиеттері.
5. Симпатомиметиктер. Фармакологиялық қасиеттері.
6. Адреноблокаторлар. Жіктелуі. Фармакологиялық сипаттамасы.
7. Альфа-адреномиметиктер. Фармакологиялық сипаттамасы.
8. Симпатолитиктер және олардың фармакологиялық сипаттамасы.

Бағдарлама бойынша препараттар: эпинефрин, норэпинефрин, фенилэфрин, оксиметазолин, ксилометазолин, клонидин, изопреналин, добутамин, сальбутамол, фенотерол, формотерол, салметерол, эфедрин, индакатерол, фентоламин, празозин, доксазозин, метопролол, атенолол, окспренолол, бисопролол, небиволол, карведилол, гуанетидин, резерпин.

Дозасын білу қажет препараттар: эпинефрин, норэпинефрин, фенилэфрин, норэпинефрин, фенилэфрин, изадрин, эфедрина гидрохлорид, добутамин.

Рецепт түрінде жазу:

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 14 беті	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

1. Жүрек қызметін қуаттандыратын адреномиметик
2. Ішке қабылдайтын бейтікелей әсерлі адреномиметик.
3. ОЖЖ –не әсер етпейтін симпатолитиктер тобындағы дәрі
4. Бета адреномиметик – кардиотоникалық дәрі.
5. Риниттерде қолданылатын альфа-адреномиметикалық дәрі.
6. Кадиоселективті бета-адреноблокатор.
7. Кадиоселективті емес бета-адреноблокатор.
8. Бета-адреномиметик

Оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: шағын топтарда жұмыс

Бақылау түрлері: ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу

Әдебиеттер: 1-қосымша

Бақылау:

1. Альфа адреномиметикалық дәрілер. Фармакологиялық қасиеттері.
2. Селективті бета-2 адреномиметиктер. Фармакологиялық әсерлері.
3. Тікелей емес адреномиметиктер. Әсер ету механизмі.
4. Кардиоселективті адреноблокаторлар.

Бағалау парағы

№	Бағалау критериилері	Денгейі			
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
1	Жіктеу номенклатурасы холинергия-лық дәрілік құралдарға бағытталған.	10	7,5	5	0
2	Адренорецепторлардың ағзада орналасуы, альфа-, бетта-адреномиметиктердің сипаттамасын, қолданылуын және жанама әсерлерін түсіндіреді.	10	7,5	5	0
3	Альфа-адреномиметиктердің фармакологиялық сипаттамасындағы айырмашылықтарды сипаттап бере алады.	10	7,5	5	0
4	Бетта-адреномиметиктердің фармакологиялық сипаттамасындағы айырмашылықтарды сипаттап бере алады.	10	7,5	5	0
5	Әсері тікелей емес адреномиметиктердің әсер ету механизмін түсіндіре алады.	10	7,5	5	0
6	Адреноблокаторлардың жіктелуі мен фармакологиялық әсерлерін, жанама әсерлерін біледі және айта алады.	10	7,5	5	0

7	Альфа-адреноблокаторлардың әсерлері мен қолдану көрсеткіштерін біледі.	10	7,5	5	0
8	Бетта-адреноблокаторлардың әсерлері мен қолдану көрсеткіштерін біледі.	10	7,5	5	0
9	Кардиоселективті адреноблокаторлардың қолдану көрсеткіштерін айта алады.	10	7,5	5	0
10	Симпатоблокаторларға салыстырмалы сипаттама бере алады, медицинада қолданылуын айта алады.	10	7,5	5	0

Кредит №3 Практикалық сабақ №1

Тақырыбы: Психотропты дәрілер.

Мақсаты: келешек фармацевт мамандарына, медицина қызметкерлері мен жергілікті тұрғындарға ақпараттық – кеңестік қызметтер көрсету дағдылары мен білктілігін қалыптастыру мақсатында, дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы білім беру.

Оқу міндеттері:

- дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы және фармакологиялық әсер тудыратын мүшелер мен жүйелердің функцияларының өзгерістері туралы білім беру;
- дәрілік заттар мен биомолекулалар арасындағы біріншілік фармакологиялық реакцияны сараптауды үйрету;
- дәрілердің жалпы қасиеттері негізінде оларды қолдану мүмкіндігін үйрету;
- рецептерді толтырудың және рецептуралық жазбаларды құрудың жалпы ұстанымдарын және әр түрлі дәрілік түрлерге рецепт жазуды үйрету; дәрілік заттардың концентрациясы мен дозаларын есептеуді үйрету.

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Антипсихотикалық препараттар. Жіктелуі. Препараттардың фармакологиялық эффектілері.
2. Бензодиазепиндік рецепторларға әсер ететін дәрілер (транквилизаторлар). Жіктелуі. Препараттардың фармакологиялық эффектілері.
3. Седативті дәрілер. Препараттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі. Фармакологиялық эффектілері. Жанама әсерлері.
4. Антидепрессанттар. Препараттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі. Фармакологиялық эффектілері. Жанама әсерлері.
5. Психокуаттандырғыш дәрілік құралдар. Препараттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі. Фармакологиялық эффектілері. Жанама әсерлері.
6. Ноотропты дәрілердің фармакологиялық эффектілері, қолдану көрсеткіштері және қолдануға қарама-қарсы көрсеткіштері..
7. Аналептиктер. Препараттардың жіктелуі. Әсер ету механизмі. Фармакологиялық эффектілері. Жанама әсерлері.
8. Препараттардың жанама әсерлері.

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 16 беті	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

Бағдарлама бойынша парепараттар: хлорпромазин, левомепромазин, трифлуоперазин, галоперидол, хлорпротиксен, сульпирид, клозапин, рисперидон, оланзапин, диазепам, феназепам, медазепам, буспирон, оксазепам, альпрозолам, флумазенил, дексмететомидин, препараты валерианы, настойка пустырника, натрия бромид, амитриптилин, пиразидол, флуоксетин, венлафаксин, пароксетин, сертралин, мirtазепин, литий карбонаты, кофеин, мезокарб, бемитил, элеутерококк экстракты, женьшень тұндырмасы, пирacetам, гопантен қышқылы, глицин, бемеград, кофеин-бензоат натрий, камфора, сульфокамфор қышқылы.

Дозасын білу қажет препараттар:

Аминазин, галоперидол, диазепам, литий карбонаты, кордиамин, амитриптилин.

Рецепт түрінде жазу:

1. Ұзақ әсерлі нейрорептик.
2. Үлкен дозада ұйқататын әсерді көрсететін транквилизатор
3. Даму әффетісі тез антидепрессант.
4. Бензодиазепиндік рецепторлардың бәсекелес антагонистері.
5. Күндізгі транквилизатор.
6. Седативті препарат – тұндырма.
7. Экстрапирамидтік орталыққа аз әсер ететін нейрорептик.
8. Мидың зат алмасу үрдістері мен қанайналымына щң ықпал ететін ноотропты препарат.

Оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: шағын топтарда жұмыс.

Бақылау түрлері: ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу

Әдебиеттер: 1-қосымша

Бақылау:

1. Типтік антипсихотикалық препараттар.
2. Атиптік антипсихотикалық препараттар.
3. Транквилизаторлар, олардың фармакологиялық әффетілері. Қолданылуы.
4. Седативті өсімдік тектес дәрілер.
5. Антидепрессанттар. Жіктелуі, әсер ету механизмі.

Бағалау парағы

№	Бағалау критериилері	Денгейі			
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
1	Дәрілердің номенклатурасы психотропты дәрілік құралдарға бағытталған.	10	7,5	5	0
2	Психотропты препараттардың фармакологиялық сипаттамасын және медицинада қолданылуын түсіндіреді.	10	7,5	5	0
3	Нейролептанальгезия, анықтамасын қолданылатын препараттарды біледі.	10	7,5	5	0
4	Нейролептиктердің әсер ету механизмін түсіндіре алады медицина тәжірибесінде қолданылуын айта алады.	10	7,5	5	0
5	Дәріге тәуелділіктің түрлерін,	10	7,5	5	0

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы		044-41/ 42 беттің 17 беті
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

	пайда болу себептерін түсіндіреді. Абстиненция синдромына анықтама бере алады.				
6	Типтік және атиптік нейролептиктердің топтарын, айырмашылығын айта алады.	10	7,5	5	0
7	Транквилизаторлардың фармакологиялық қасиеттеріне сипаттама бере алады, медицина тәжірибесінде қолданылуын айта алады.	10	7,5	5	0
8	Психостимуляторлардың фармакологиялық қасиеттеріне сипаттама бере алады, медицина тәжірибесінде қолданылуын біледі.	10	7,5	5	0
9	Антидепрессанттардың фармакологиялық қасиеттеріне сипаттама бере алады, медицина тәжірибесінде қолданылуын айта алады. «Ірімшік» синдромының пайда болу механизмін түсіндіре алады.	10	7,5	5	0
10	Ноотроптардың фармакологиялық қасиеттеріне сипаттама бере алады, медицина тәжірибесінде қолданылуын айта алады.	10	7,5	5	0

Кредит №3

Практикалық сабақ №1

Тақырыбы: Антибактериалды дәрілер. (Антибиотиктер)

Мақсаты: келешек фармацевт мамандарына, медицина қызметкерлері мен жергілікті тұрғындарға ақпараттық – кеңестік қызметтер көрсету дағдылары мен білктілігін қалыптастыру мақсатында, дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы білім беру.

Оқу міндеттері:

- дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы және фармакологиялық әсер тудыратын мүшелер мен жүйелердің функцияларының өзгерістері туралы білім беру;
- дәрілік заттар мен биомолекулалар арасындағы біріншілік фармакологиялық реакцияны сараптауды үйрету;
- дәрілердің жалпы қасиеттері негізінде оларды қолдану мүмкіндігін үйрету;
- рецептерді толтырудың және рецептуралық жазбаларды құрудың жалпы ұстанымдарын және әр түрлі дәрілік түрлерге рецепт жазуды үйрету; дәрілік заттардың концентрациясы мен дозаларын есептеуді үйрету.

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 18 беті	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

Тақырыптың негізгі сұрақтары.

1. Антибиотиктер. Анықтамасы. Типі, спектрі, әсер ету механизмі. Химиялық құрылымы бойынша жіктелуі. Негізгі және резервті антибиотиктер туралы түсінік.
2. Пенициллин тобындағы антибиотиктер. Жіктелуі. Әсер ету механизмі.
3. Цефалоспориндер. Әсер спектрі. Дәрілердің салыстырмалы сипаттамасы. Қолдануы, жанама әсерлер.
4. Басқа бета-лактамы антибиотиктер. Әсер спектрі. Дәрілердің салыстырмалы сипаттамасы. Қолдануы, жанама әсерлер.
5. Макролидтер. Әсер спектрі. Дәрілердің салыстырмалы сипаттамасы. Қолдануы, жанама әсерлер.
6. Стафилококктарға қарсы антибиотиктер. Қолданылуы. Жанама әсері.
7. Антибиотиктердің жанама әсерлері және оны түзету жолдары
8. Антибиотиктерге тұрақтылықтың сұрақтары.

Тақырып бойынша препараттар: бензилпенициллина новокаиновая соль, бициллин-1, бициллин-5, ампициллин, амоксициллин, карбенициллин, азлоциллин, амоксиклав, ко-амоксиклав, аугментин, цефалексин, цефуроусим, цефазолин, цефотаксим, цефтриаксон, цефепим, цефексин, цефоперазон, цефподоксим, эритромицин, азитромицин, кларитромицин, рокситромицин, имипенем с циластатинном, меропенем, дорипенем, эртапенем

Рецепт түрінде жазу:

1. Стрептококкты ангинаны емдейтін биосинтетикалық пенициллин.
2. Мерезді емдейтін ұзақ әсерлі биосинтетикалық пенициллин.
3. β-лактамаза әсеріне тұрақты жартылай синтетикалық пенициллин.
4. Макролидтер тобының препараты.
5. Ішке және парентеральды қолдануға арналған цефалоспоринік антибиотик.
6. Синтетикалық пенициллиндер тобындағы көкірің таяқшасына қарсы антибиотик.
7. Сүйектің асқынған инфекциясында қолданылатын антибиотик.

Оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: шағын топтарда жұмыс

Бақылау түрлері: ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу

Әдебиеттер: 1-қосымша

Бақылау:

1. Химиотерапияның принциптері.
2. Негізгі және резервті антибиотиктер. Антибиотикорезистенттілік.
3. Цефалоспориндер. Әсерінің спектрі. Қолданылуы. Жанама әсері.
4. В-лактамазаның әсеріне тұрақты антибиотиктер.

Бағалау парағы

№	Бағалау критерийлері	Деңгейі			
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
1	Жіктеу номенклатурасы антибакте-риалды дәрілік құралдарға бағыт-талған.	10	7,5	5	0
2	Микроорганизмдердің жіктелуін біледі. Химиотерапияның ұстаным-дарын біледі.	10	7,5	5	0
3	Антибактериалды антибиотиктердің микробқа	10	7,5	5	0

	қарсы әсер ету механизмі, әсерінің спектрі бойынша жіктелуін түсіндіреді және айта алады.				
4	Бета-лактамы антибиотиктер тобын-дағы антибиотиктер-пенициллиндер тобының антибиотиктерінің әсерінің спектрін, енгізу жолдарын, дозалануын және жанама әсерлерін біледі.	10	7,5	5	0
5	Табиғи және синтетикалық пенициллиндер тобының препарат-тарына салыстырмалы сипаттама бере алады.	10	7,5	5	0
6	β -лактамазаға тұрақты антибиотик-терді, көкірің таяқшасына қарсы белсенді антибиотиктерді біледі	10	7,5	5	0
7	Бета-лактамы антибиотиктер тобындағы антибиотиктер-цефалоспориндер тобының антибио-тиктерінің әсерінің спектрін, енгізу жолдарын, дозалануын және жанама әсерлерін біледі..	10	7,5	5	0
8	Басқа да бета-лактамы антибиотиктердің топтарын біледі. Микробқа қарсы белсенділігінің механизмін түсіндіреді.	10	7,5	5	0
9	Макролидтердің фармакологиялық сипаттамасын біледі. Резервтегі антибиотиктер туралы айта алады.	10	7,5	5	0
10	Антибиотиктердің жанама, уытты әсерлерін және оның алдын-алу жолдарын атай алады.	10	7,5	5	0

Практикалық сабақ №2

Тақырыбы: Антибактериалды дәрілер. (Антибиотиктер)

Мақсаты: келешек фармацевт мамандарына, медицина қызметкерлері мен жергілікті тұрғындарға ақпараттық – кеңестік қызметтер көрсету дағдылары мен білктілігін қалыптастыру мақсатында, дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы білім беру.

Оқу міндеттері:

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 20 беті	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

- дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы және фармакологиялық әсер тудыратын мүшелер мен жүйелердің функцияларының өзгерістері туралы білм беру;
- дәрілік заттар мен биомолекулалар арасындағы біріншілік фармакологиялық реакцияны сараптауды үйрету;
- дәрілердің жалпы қасиеттері негізінде оларды қолдану мүмкіндігін үйрету;
- рецептерді толтырудың және рецептуралық жазбаларды құрудың жалпы ұстанымдарын және әр түрлі дәрілік түрлерге рецепт жазуды үйрету; дәрілік заттардың концентрациясы мен дозаларын есептеуді үйрету.

Тақырыптың негізгі сұрақтары.

1. Тетрациклиндер. Жалпы сипаттамасы. Жіктелуі, әсер ету механизмі.
2. Хлорамфеникол тобы. сипаттамасы. Жіктелуі, әсер ету механизмі.
3. Аминогликозидтер. Жалпы сипаттамасы. Жіктелуі, әсер ету механизмі.
4. Полимиксиндер. Жалпы сипаттамасы. Жіктелуі, әсер ету механизмі.
5. Рифампициндер. Әсер ету механизмі. Қолданылуы. Жанама әсерлері.

Тақырып бойынша препараттар: тетрациклин, доксициклин, хлорамфеникол, стрептомицин, гентамицин, амикацин, канамицин, фосфомицин, спирамацин, колистиметат, рифампицин, линкомицин, клиндамицин, ванкомицин.

Рецепт түрде жазу:

1. Туберкулезде эффективті антибиотик.
2. Псевдомембранозды колитте қолданылатын гликопептидтік антибиотик.
3. Жағар май түріндегі тетрациклин препараты.
4. Анзамициндер тобының туберкулезге қарсы антибиотигі.

Оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары: шағын топтарда жұмыс

Бақылау түрлері: ауызша сұрау, дозаларын есептеу, рецептер жазу

Әдебиеттер: 1-қосымша

Бақылау:

1. Тетрациклиндер. Жанама әсерлері. Қолдануға қарама қарсы көрсеткіштері.
2. Аминогликозидтер. Жанама әсерлері. Қолдануға қарама қарсы көрсеткіштері
3. Полимиксиндер. Қолданылуы.
4. Анзамициндер. Қолданылуы. Әсерінің спектрі.

Бағалау парағы

№	Бағалау критерийлері	Денгейі			
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
1	Жіктеу номенклатурасы антибактериалды антибиотиктерге бағытталған.	10	7,5	5	0
2	Тетрациклиндердің жалпы сипаттамасын біледі.	10	7,5	5	0
3	Тетрациклиндердің жанама әсері мен дозалау режимін, қабылдау ретін айта алады.	10	7,5	5	0
4	Хлорамфеникол тобының препараттарының микробқа қарсы әсер ету механизмін,	10	7,5	5	0

	әсерінің спектрін және дозалау режимін түсіндіреді және айта алады.				
5	Аминогликозидтер тобының препа-раттарының микробқа қарсы әсер ету механизмін, әсерінің спектрін және дозалау режимін түсіндіреді және айта алады.	10	7,5	5	0
6	Туберкулез қоздырғышына қарсы қарсы белсенді аминогликозидтер тобының препараттарды біледі.				
7	Полимиксиндер тобының препа-раттарының микробқа қарсы әсер ету механизмін, әсерінің спектрін және дозалау режимін түсіндіреді және айта алады.	10	7,5	5	0
8	Анзамициндер тобының препа-раттарының микробқа қарсы әсер ету механизмін, әсерінің спектрін және дозалау режимін түсіндіреді және айта алады.	10	7,5	5	0
9	Басқа да топтың антибактериалды антибиотиктерін атай алады және фармакологиялық сипаттама бере алады.	10	7,5	5	0
10	Антибиотиктердің уытты әсерлерін және оның алдын-алу жолдарын атай алады.	10	7,5	5	0

Практикалық сабақ №3

Тақырыбы: Химиялық құрылысы әртүрлі синтетикалық антибактериалды дәрілік құралдар.

Мақсаты: келешек фармацевт мамандарына, медицина қызметкерлері мен жергілікті тұрғындарға ақпараттық – кеңестік қызметтер көрсету дағдылары мен білктілігін қалыптастыру мақсатында, дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы білім беру.

Оқу міндеттері:

- дәрілік құралдардың фармакодинамикасы мен фармакокинетикасының жалпы заңдылықтары туралы және фармакологиялық әсер тудыратын мүшелер мен жүйелердің функцияларының өзгерістері туралы білім беру;
- дәрілік заттар мен биомолекулалар арасындағы біріншілік фармакологиялық реакцияны сараптауды үйрету;
- дәрілердің жалпы қасиеттері негізінде оларды қолдану мүмкіндігін үйрету;
- рецептерді толтырудың және рецептуралық жазбаларды құрудың жалпы ұстанымдарын және әр түрлі дәрілік түрлерге рецепт жазуды үйрету; дәрілік заттардың концентрациясы мен дозаларын есептеуді үйрету.

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	044-41/ 42 беттің 22 беті	
Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармакология»		

Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Нитрофуран туындылары. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Әсер ету спектрі.
2. Нитроимидазол туындылары. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Әсер ету спектрі.
3. I-буынның хинолондары. Әсер ету спектрі. Жанама әсерлері.
4. II-буынның хинолондары. Әсер ету спектрі. Жанама әсерлері.
5. III-буынның хинолондары. Әсер ету спектрі. Жанама әсерлері.
6. Синтетикалық антибактериалды препараттардың қолдану көрсеткіштері мен жанама әсерлері.
7. Сульфаниламидтік препараттар. Жіктелуі. Салыстырмалы сипаттам
8. Синтетикалық антибактериалды препараттарға салыстырмалы сипаттама. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсері.

Бағдарлама бойынша препараттар: Нитрофурантоин, фуразолидон, фурагин, нитроксолин, налидиксовая кислота, офлоксацин, ципрофлоксацин, левофлоксацин, пefлоксацин, моксифлоксацин, хиноксидин, диоксидин, линезолид, сульфометаксазол и триметоприм, салазопиридазин, сульфацетамид

Рецепт түрде жазу:
